



Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің патент ведомствосы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 7 ақпан N 175. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.05.23. N 875 қаулысымен. ~P970875

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент ведомствосы (Қазпатент) туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 наурыздағы N 284

P960284_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 11, 82-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 7 ақпандағы
N 175 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда
министрлігінің Патент ведомствосы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патент

ведомствосы (Қазпатент) өнеркәсіп меншігі объектілерін (өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіп үлгілерін, тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін және тауарлардың шыққан жерлерінің, өсімдіктердің жаңа сорттары мен жануарлардың жаңа тұқымдарының атауларын) құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз ететін және өз қызметін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің келісуімен жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Қазпатент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық заң актілерін, Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің нормативтік құжаттарын және осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

3. Қазпатенттің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының бірыңғай патент жүйесін құру және оны басқару ;

өнеркәсіп меншігі объектілеріне қорғау құжаттарын (алдын ала патенттер, патенттер мен куәліктер), авторлар куәліктерін беру;

өнеркәсіп меншігін қорғайтын заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жасауға қатысу және олардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік патент-ақпарат базасын қалыптастыру;

өнеркәсіп меншігін қорғау саласында ақпарат және баспа қызметін ұ й ы м д а с т ы р у ;

республика өнеркәсіп меншігінің шетелдегі объектілерін патенттеу жөніндегі ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

өнеркәсіп меншігін қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге а с ы р у ;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау саласында мамандар даярлауды ұйымдастыру, мамандардың біліктілігін арттыру, патенттік сенімді өкілдерді аттестациялау және оларды Қазпатентте тіркеу тәртібін белгілеу;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру болып табылады.

4. Қазпатент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өнертабысқа, пайдалы модельдерге, өнеркәсіп үлгілеріне патенттерді және тауарлық белгілерге, қызмет көрсету белгілеріне және тауардың шыққан жерінің атауын пайдалану құқығына куәліктерді беруге түскен өтінімдерді тіркейді;

қорғау құжаттарын беруге түскен республикалық және шетелдік өтінімдерге мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастырады, өнеркәсіп меншігі объектілерінің мемлекеттік реестрін жүргізеді, Қазақстан Республикасының

атынан қорғау құжаттарын береді, олардың күшінде болуын қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдер бойынша мемлекеттік сараптама шешімдеріне келіспеушіліктер мен шағымдарды, сондай-ақ жеке тұлғалардың Қазпатент құзыретіне жататын мәселелер бойынша басқа да өтініштерін қарауды ұйымдастырады;

өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау жөніндегі заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді, өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау саласындағы заңдарды қолдану тәжірибесін талдап, қорытуды жүзеге асырады;

қорғалатын өнеркәсіп меншігі объектілері жөнінде ресми бюллетеньдерді, сондай-ақ ақпараттық материалдарды және Қазпатент тің құзыретіне жататын басқа да әдебиеттерді басып шығаруды қамтамасыз етеді;

республика министрліктерімен және мемлекеттік комитеттерімен бірлесіп, тиісті атқарушы органдарға өнеркәсіп меншігі объектілерін экспорттауға және импорттауға лицензиялар берудің және ноу-хаудың орынды екені туралы қорытындылар береді;

Қазпатент атқаратын заңдық маңызы бар іс-қимылдардың тізбесі мен оларды орындағаны үшін алынуға шамаланып отырған патенттік баж ставкаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынады;

өнеркәсіп меншігі объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды және Қазақстан Республикасының қорғау құжаттарын берудің шарттарын тіркейді;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау саласында мамандар даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды, патенттік сенімді өкілдерді аттестациялауды ұйымдастырады;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының, ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау мен пайдалану мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау мен пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

ведомстволық бағынысты мекемелердің қызметіне басшылық жасайды.

5 . Қ а з п а т е н т к е :

өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен келісілген ұсыныстар

енгізу, өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау мәселелері жөнінде өз құзыреті шегінде түсіндірме беру;

өз құзыреті шегінде нормативтік актілерді әзірлеу мен бекіту;
өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауға байланысты құжаттардың бірыңғай нысандарын бекіту;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау мәселелері жөнінде халықаралық шарттар жасасу және оларға қосылу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу құқығы беріледі.

6. Қазпатентті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын Төраға басқарады. Төрағаның бір орынбасары болады.

7. Төраға Қазпатентке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді, оның жұмысын ұйымдастырады және ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық жасайды, олар туралы ережелерді бекітеді;

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдармен, сондай-ақ мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынаста Қазпатенттің мүддесін білдіреді;

қолданылып жүрген заңдардың негізінде әрі олардың орындалуы үшін Қазпатенттің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне қатысты бұйрықтар мен өзге де нормативтік актілерді шығарады, олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады;

қажет болған жағдайда басқа орталық атқарушы органдармен, сондай-ақ республиканың мекемелерімен, ұйымдарымен бірлесе отырып немесе келісе отырып, орындалуы міндетті нормативтік актілер қабылдайды;

өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және босатады;

Қазпатент қызметкерлерінің еңбек заңдарына сәйкес жұмыс жағдайының, сондай-ақ жұмыстар атқару, қызмет көрсету бойынша шартқа отыру тәртібін белгілейді;

өз өкілеттігі шегінде әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы мәселелерді шешеді;

Қазпатентті және ведомстволық бағынысты ұйымдарды қаржыландыруға бөлінген қаражатты бөлуші болып табылады.

8. Қазпатент республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауға байланысты заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын патенттік баждар есебінен қаржыландырылады.

9. Қазпатент белгіленген тәртіппен статистикалық, бухгалтерлік есептілік жөніндегі мәліметтерді әзірлеуді және тиісті органдарға беруді қамтамасыз етеді.

10. Қазпатент заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары б о л а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК